

## **Жаңа сабақ формасының түрі: «Жаңа форматтағы мұғалім сабағы»**

### **М а қ с а т ы :**

Өзіндік дәлел-уәждерін нанымды жеткізе білетін, ынталы, сенімді, сыни пікір-көзқарастары жүйелі дамыған оқушы қалыптастыру бағытында жұмыстану.

### **Ө з е к т і л і г і :**

Оқушылардың алған білімдері мен жаңа немесе сыныптағы түрлі дерек көздерінен, мұғалімнен, оқулықтан және достарынан алған білімдерімен өзара әрекеттесуі жағдайында жүзеге асыру.

### **Ғ ы л ы м и л ы ғ ы :**

Дүние жүзіндегі көптеген мұғалімдердің іс-тәжірибесінен тұрақты орын алған оқыту жұмысын ұйымдастыру мен жоспарлаудың негізгі қағидаттарын қолдана отырып, жұмыстану.

### **К ү т і л е т і н н ә т и ж е :**

- Оқушылардың білім беру үдерісіне үлес қосатын сезіну және тани білу қасиеттеріне қатысты жеке тұлғамен тұтастай алғанда өзара қарым-қатынас жасайды;
- Оқушының жүріс-тұрысы, қарым-қатынасы, жеке тұлғасындағы ерекшеліктер анықталады;
- Оқушы бойындағы жетістікке жету, түйсіну, түсіну сезімі пайда болады.

| Апта                             | Күні  | Сабақ  |
|----------------------------------|---|--|
| Сабақтың тақырыбы                | «Дұрыс тамақтану денсаулық кепілі»  |  |
| <b>Ж а л п ы м а қ с а т ы :</b> |   |  |
|                                  | Дұрыс тамақтану туралы білімдерін жүйелеу, кеңейту; тазалық гигиенасы туралы ережелерді қайталау.   |  |
|                                  |   |  |
|                                  |   |  |
| Күтілетін нәтижелер              | <p><b>А.</b>-Деректерді еске түсіреді</p> <p>-Негізгі идеяға берілген суретті мысалдар келтіру арқылы түсіндіреді</p> <p>-Өз сөзімен айта алады</p> <p><b>Б.</b> -Проблеманы шешу үшін мәліметті қолдана алады.</p> <p><b>С.</b>-Нәтижеге қалай жететіндігін анықтай отырып, диаграммамен көрсете алады.</p> <p>-Себеп салдарын айқындайды.</p> <p>-Тапсырмаларды шығармашылықпен орындайды</p> <p>-Өз ойларын идеяларын пайымдап, тиянақтайды.</p> |  |
| Сабақ түрі                       | Аралас сабақ  |  |
| Сабақтың әдісі                   | Көрнекілік, сөздік  |  |
| Сабақ тәсілі                     | Сұрақ-жауап, талдау, баяндау, түсіндіру   |  |
| Тапсырмалар                      | Әр топқа бөлек-бөлек тақырыпшалар беріледі. Жалпы барлық оқушыларға өз бетімен орындауға өздік жұмыс. Дарынды балаларға топшамалар беріледі. Қабілеті әзірше төмен оқушыларға берілетін тапсырмалар.  |  |
| Керекті жабдықтар                | Интерактивті тақта, кітап, компьютер, постер  |  |
| <b>С а б а қ б а р ы с ы</b>     |   |  |
| Сабақ кезеңдері                  | Мұғалім әрекеті   | Оқушы әрекеті  |
| Кіріспе                          | <p>Сабаққа дайындығын тексеру.</p> <p>Психологиялық тренинг.</p> <p>Жәй әуен ойналып тұрады.</p>  | <p>Кезекші сыныпта жоқ оқушыны атайды.</p> <p>Оқушылар геометриялық фигура таңдау арқылы төрт топқа бөлінеді. Топ ішінен топ</p> |

|  |  |                               |
|--|--|-------------------------------|
|  | <p>-Балалар жүректеріңді тауып,екі қолдарыңды көкіректеріңе қойып дүрсілін тыңдап көріңдерші.</p> <p>-Енді жүректің орнына күннің бір бөлшегін елестетейікші.Күннің жарық әрі жылы нұрлы шуағы бүкіл денемізге,қолымызға,аяғымызға тарайды.Күннің нұры көп болғаны соншалық біздің денемізге сыймай бара жатыр.</p> <p>-Балалар енді осы жылулықты бір бірімізге жіберейік.</p> <p>«қолдарын алдарына созып алақандарын тік ұстайды.»</p> <p>-Балалар барлығыңа да сәттілік тілеймін.</p> <p>Үй тапсырмасына байланысты сұрақтар.</p> <p><b>Үй тапсырмасының сұрақтары:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. «Отбасы» сөзіне анықтама бер.</li> <li>2. Ананың қолы мен жүрегі неліктен «алтын» деп аталады ?</li> <li>3.Отбасындағы басты мәселе не ?</li> <li>4.Отбасындағы ең мәртебелі адамдар кімдер?</li> <li>5.Сенің басты міндетің не?</li> <li>6.Қазақтың ежелден келе жатқан дәстүрлерінің бірі?</li> <li>7.Қазақ халқының «жылу жинау» дәстүрі туралы не айтамыз?</li> <li>8. Кім үлкенді тыңдаса<br/>Кім үлкенді сыйласа<br/>Үлкен болған кезінде</li> </ol> | <p>басшысы тағайындалады.</p> |
|--|--|-------------------------------|

|               |   |  |
|---------------|---|--|
|               | <p>Сыйлы болмақ өзі де.</p> <p>Өлең жолының мағынасын кім түсіндіріп береді?</p>  |  |
| Тұсаукесер    | <p>Бейне сюжет көрсетемін.</p> <p>Бүгінгі сабақ не туралы болуы мүмкін?</p> <p>Не көрдік, не білдік?</p>  | <p>Интерактивті тақтадан «дәрумендер мен минералды заттардың адам өміріндегі пайдасы туралы» фильм көрсетем</p>  |
| Негізгі бөлім | <p>Бүгінгі сабағымыз қандай тақырыпта болуы мүмкін?</p> <p>Енді әрі қарай денсаулықты қалай күту керек, дәруменнің денсаулыққа қандай пайдасы бар екенін білетін боламыз.</p> <p>Жаңа тақырыпты жазу.</p> <p>Дұрыс тамақтану денсаулық кепілі.</p> <p>Деген тақырыпты жазып қоямыз.</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Мәтінді өздеріне оқытамын.</li> <li>2. Мәтін бойынша сұрақтар қоямын.</li> </ol> <p>Азық түліктің неше түрі бар?</p> <p>Жануар тектес азық түлікке нелер жатады?</p> <p>Өсімдік тектес азық түлікке нелер жатады?</p> <p>Қалай дұрыс тамақтану керек?</p> <p>Қандай маңызды ережелер бар екен?</p> <p><b>Сергіту сәті:</b></p> <p>Орыс халқының ғалым биологі Павел Мариковский табиғат жайлы былай деген екен:</p> <p>«Адам табиғатсыз тіршілік ете алмайды.... Табиғат адамды қайырымды, бір мақсатқа ұмтылған, сұлу жанды етіп тәрбиелейді. Ол</p> | <p>Оқушылар жаңа мәтінді өздері оқып танысады.</p> <p>Мәтін бойынша сұрақтарға жауап береді.</p> <p>Интерактивті тақтадағы орыс ғалымының табиғат жайлы жазған сөзіне қарайды.</p> |

денсаулық,шабыт,шығармашыл  
ықтың қайнар көзі»

Осы кезде баяу музыка  
ойналады.

-Қане балалар көзімізді жұмып,  
біраз демалайық,таңның атуын  
көз алдымызға елестетейік.

Шығыс жақ сарғайып,таң да  
атып келеді.Атып келе жатқан  
таң шіркін қандай әдемі!Шығыс  
жақ көкжиек ал қызыл нұрға  
бөленген.Одан жоғары аспан  
кеңістігі ағарып айқындала  
бастаған.Жұлдыздар да  
сирепті.Тек қана электр  
шамындай жарқырап Шолпан  
жұлдызы тұр.

Шуақ шаша

Алтын таңда

Мөлдір таза ауада

Табиғатта бәрі оянды

Оян сенде бар бала!

Көзімізді ашып тіршіліктің  
оянуын бақылайық.Табиғаттың  
сұлулығын көркемдігін  
бақылайық.

Топтық тапсырмалар:

1 топ

«Денсаулық зор байлық»  
тақырыбына байланысты  
берілген мәтінді  
талдайды.Ортақ пікірге  
келеді.Топ болып қорғап  
шығасындар

2 топ

Әр топтан берілген тақырыпқа анықтама  
береді.

Қабілеті әзірше төмен оқушылардың  
жауаптарын тындау, сынып болып  
көмектесіп ой қосу.

Мәтінді оқып болып,ортақ келісімге келіп  
кестеге  
салады.Семантикалық,диагностикалық,ассо  
циация кестесіне салады.

Топтық тапсырма кезіндегі көрініс.



«Дәрумендер» тақырыбына байланысты берілген мәтінді талдайды. Ортақ пікірге келеді. Топ болып қорғап шығасындар

3 топ

«Тиімді тамақтану режесі» тақырыбына байланысты берілген мәтінді талдайды. Ортақ пікірге келеді. Топ болып қорғап шығасындар

Мәтіннен алған түсініктерін қысқашы кестеге салу.

1 топ

«Денсаулық» сөзін топтастыру

2 топ

«Дәрумендердің пайдасы» семантикалық карта толтыру

3 топ

«Дұрыс тамақтану  
Дұрыс тамақтанбау»  
диагностикалық карта толтыру.

Кестеге толтырады

Мағынасын ашу

Дарынды оқушыларға эссе жазу тапсырамын.

Қабілеті әзірше төмен оқушылар денсаулық тақырыбында мақал-мәтел айтады.

**Қорытынды сұрақтар:**

Біз неге дұрыс тамақтануымыз керек?

Неліктен жемістер мен көкөністер көп жеу керек?

Неліктен ас ішер алдында қолды жуу

Постормен жұмыстану.



Топтау

Денсаулық

Семантикалық карта

|                       |  |
|-----------------------|--|
| Дәрумендердің пайдасы |  |
|-----------------------|--|

Диагностикалық карта

|                 |                   |
|-----------------|-------------------|
| Дұрыс тамақтану | Дұрыс тамақтанбау |
|-----------------|-------------------|

|           |  |  |  |   |
|-----------|--|--|--|---|
|           | керек?<br>Салауатты өмір сүрудің ережесіне нелер жатады?   |  |  | Дарынды оқушылар мен қабілеті әзірше төмен оқушылар берілген тапсырмаларына байланысты жұмыстанады. |
| Қорытынды | Бағалау критериялары:<br>1. Үй тапсырмасына әзірлігі;<br>2. Қосымша сұрақтарға жауап беруі;<br>3. Жаңа тақырыпты меңгеруі;<br>4. Сөз саптауы, сөйлем құра білуі.<br>5. Топқа берілген тапсырмамен жұмыстануы.<br><br>Топ басшысы осы бағалау критерияларын пайдаланып, өз тобындағы оқушыларды бағалайды.<br><br>Үйге тапсырма:<br>Мәтінді оқу, мазмұнына қатысты 10 мақал-мәтел жазу. |  |  | Көшбасшы өзінің топ мүшелеріне жеке өзіне қойған бағаларымен таныстырады.                           |

### С а б а қ т ы ң   ө з і н д і к   т а л д а у ы

Бұл сабақ барысында оқушылардың белсенділік, қызығушылық деңгейі жақсы болады. Оқушылар топпен жұмыстанды. Ынтымақтастық атмосферасы қалыптасты.

Сабақтың кіріспе бөлімінде сыныптың білім деңгейін анықтау мақсатында оқушыларға жоғары және төмен мәртебелі сұрақтар қоямын. Жаңа тақырыпты ашуда бенесюжеттің маңызының жоғары екендігін білдім, қолданамын.

Кейін үш топқа үш түрлі тапсырма беремін. Берілген тапсырмалар бойынша топ жұмыстанады. Топтық ереже сақталды. Оқушылар жалпы топқа берілген тапсырмамен жұмыла жұмыстанады. Топтағы көшбасшының пікірін тыңдай отырып, ортақ келісімге келеді. Топтағы оқушылардың жай-күйін бақылап талдау жасап отырамын. Тапсырмалар орындатуда оқушылардың алға ұмтылысы мен қызығушылығының арта түседі.. Осындай жұмыстарды жүргізу барысында оқушылар сұраққа жауап беруді үйренеді. Тапсырмаларды сенімді орындауды, белсенділікпен қатысуды үйренеді. Тақырыпты оқып үйренгендерін топқа берілген тапсырмалардан, жауаптарынан байқаймын. Сабақ үстінде бірнеше сұрақтар туындайды. Сұрақтың туындауы тақырыпты қызығушылықпен

қатысқанын, соған байланысты тағы да біле түссем деген ойда туындалған сұрақ деп бағалаймын. Жалпы қолданылған әдістермен оқыту нәтижелі болды. Әсіресе АКТ-ны қолдану оқушының ойын толықтырып, жеткізуге септігін тигізеді. Оқушылар өзіндік ой-пікірлерін ашық жеткізу дәрежесіне жетеді. Алдағы уақытта өз қызметіме, іс-әрекетіме сын көзбен қарап жүремін. Әр сабағыма жеті модульмен жұмыстанып, жауапкершілікпен қарауды жолға қоямын. Негізделген сабақтар оқушыларға өз білімдері мен сенімдері жайында ойланып, сұрақтар қойып, білімін толықтырып, белгілі бір тақырыпты оқып-білу кезеңінде өз түсінігін өзгертуге мүмкіндік берді. Бұл үдеріс оқушының өз болжамдарына күмәнмен, сыни тұрғыдан қарай отырып, сол арқылы әлем, тіршілік, жаратылыс туралы өзінің түсінігін тереңдетіп, кеңейтуге мүмкіндігін ұлғайтты. Оқытудың бұл түрінде оқушылар өте маңызды рөл атқарады: олар құрбы-құрдастарымен әлеуметтік байланыс жасау арқылы белсенді түрде білім жинақтайды.

Сабақ бойынша өзгертулер

Сабақ барысында өзгертулер болған жоқ. Топқа берілген тапсырмалар оқушылардың қызығушылықтарын арттырып, өз менін қалыптастыруға септігі тиді. Оқушылардың сыни көзқарастары қалыптасып, сабақ соңында болған іс-әрекеттерге рефлексияны да оңай орындады. Топтық ереже сақталып, бірнеше пікірталастар орнады. Дарынды оқушының дарындылығы, көшбасшылық айырықша көрінді. Сабақтың қорытынды бөлімінде мәртебесі жоғары, төмен сұрақтарды оқушының өздеріне тапсырып, өзгерту енгізу керек екен деген ой қалыптасты.



